



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Сапар



СУ ҮНЕМДЕУ – БИЫЛҒЫ ЕГІСТІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ

Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов жұмыс сапарымен ауданға келді. Министрге аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жалағашта жүзеге асырылып жатқан су үнемдеу технологияларын, ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелерді жаңғырту бағытындағы жобалардың іске асырылу барысымен таныстырды. Ал Қазақстанның Еңбек Ері, «Таң ЛТД» ЖШС төрағасы Имамзада Шағыртаев серіктестікте жердің құнарлылығын арттыру, коллекторларды бетондау, сондай-ақ егін өнімділігін арттыру бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар мен инвестициялық жобаларды көрсетті.

Биыл ауданда 42 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Оның ішінде күріш 16 800, жаздық бидай 576, арпа 50, мақсары 595, қант құмайы 371, соя 152 гектар, сұлы 5 гектар, жаңа жоңышқа 4 850, ескі жоңышқа 8 150 гектар, картоп 250, көкөніс 1 115, бақша дақылдары 1 300 гектар алқапқа егілген.

Жобаларды іске асыру нәтижесінде су ресурстарын тиімді пайдалану, ирригациялық желілердің техникалық жағдайын жақсарту және егін саласының өнімділігін арттыру көзделіп отыр. Су ресурстары және ирригация министрі Н.Нұржігітов

ауыл шаруашылығын цифрландыру, жаңа технологияларды кеңінен қолдану және су үнемдеу арқылы өнім көлемін арттырудың маңыздылығына тоқталып, Мемлекет басшысының тапсырмасымен атқарылып жатқан жобалардың өңірдің аграрлық әлеуетін нығайтуға серпін бергенін атап өтті.

Сапар қорытындысында сала министрі аграрлық саладағы жобалардың іске асырылу барысына оң баға беріп, бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырудың маңыздылығын атап өтті.

«ЖЖ» ақпарат

Сараптама

ЦИФРЛЫҚ ЖЕЛІ: ДАМУ МЕН ТҮЙТКІЛДЕР

Байланыс операторлары енді қаржылық есептілікті ашық көрсетуге міндеттелмек. Бұл арқылы халық қызмет берушілердің қаражатты қалай және қайда жұмсайтынын, сондай-ақ тарифтердің өзгеру себептерін нақты көре алады. Зандағы бұл өзгерістер қоғам тарапынан қолдау табууда. Себебі соңғы жылдары ұялы байланыс операторлары тарифтерді айтарлықтай көтерген. Бағаның өсуі биыл да жалғасып отыр. Мәселен, үйдегі интернет құны 4 990 теңгеден 7 490 теңгеге дейін көтерілгенімен, қызмет сапасына қатысты сын азайған жоқ. Қоғамда қызу талқыланып жатқан бұл мәселенің мәніне үңілдік.

Иә, таңертең көзді ашып үлгермей-ақ ұялы телефонға қол созатынымыз несіне жасырамыз. Әлеуметтік желілерге әбден бауыр басқандықтан ба, әлде ақпаратқа деген қажеттіліктің артқанынан ба, интернетке деген сұраныс күн өткен сайын көбейіп келеді. Тарифтік бағалар өзгергенімен, желіден бас тартуға асығып жатқан ешкім жоқ. Үйдегі интернет те, ұялы байланыс интернеті де күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған.

Қазіргі таңда әлемде шамамен 6 миллиард адам интернетті пайдаланады. Бұл – жер шары халқының 73-74 пайызы. Дегенмен технологияның қарқынды дамуына қарамастан 2 миллиардтан астам адам әлі күнге дейін интернетке қол жеткізе алмай отыр. Интернет қолданушыларының басым бөлігі Азия құрлығында шоғырланған. Әсіресе Шығыс және Оңтүстік Азия елдері әлемдік желі пайдаланушыларының жартысынан көбін құрайды. Ал интернетке қолжетімділік деңгейі бойынша Еуропа көш бастап тұр. Солтүстік Еуропада халықтың 97 пайыздан астамы интернетті тұрақты пайдалана-



ды. Демек, әлемнің қай бұрышында өмір сүрсе де, жұрт үшін интернеттің қолжетімділігі ғана емес, оның сапасы мен жылдамдығы да маңызды деген сөз.

Интернет қалай жұмыс істейді: ғаламдық желінің ішкі әлемі

Интернет жалпы қайдан тара- лады? Көпшілігіміз интернетті көзге көрінбейтін, ауада қалықтап жүрген дүниедей елестетеміз. Телефондағы бір батырманы бассақ болды, қалаған ақпаратымыз алдымыздан шыға келеді. Мұхит түбімен тартылған мыңдаған шақырым кабельдер, алып серверлер, деректер орталықтары, ұялы байланыс мұнаралары. Санамалай берсек, артында орасан зор инфрақұрылым жатыр.

Ғаламдық интернеттің негізгі тірегі – суасты талшықты-оптикалық кабельдер. Олар құрлықтарды өзара байланыстырып, халықаралық интернет-трафиктің шамамен 95 пайызын тасымалдайды. Бүгінде әлемде жалпы ұзындығы 1,3 миллион шақырымнан асатын 400-ден астам суасты кабелі бар. Сонымен қатар құрлықтар ішінде жолдар, теміржолдар және құбыр желілерінің бойымен магистральдық кабельдер

жүргізілген. Ал интернет-трафик алма- су нүктелері әртүрлі операторлардың желілерін өзара байланыстырып тұрса, деректерді өңдеу орталықтары ақпаратты сақтап, өңдеумен айналы- сады. Соңғы пайдаланушыға интернет жеткізуде ұялы байланыс мұнаралары мен сымсыз байланыс құрылғылары маңызды рөл атқарады.

Интернеттің көрінбейтін тіректерінің бірі – суасты кабельдері. Бір кабельді мұхит түбімен тарту жүздеген миллион доллар тұрады және бұл жұмыс бірнеше айға созылады. Кабельдер кейде кемелердің жорықтарынан, балық аулау құралдарынан немесе табиғи құбылыстардан зақымданып жатады. Сондықтан маңызды бағыттар бірнеше резервтік желімен қамтамасыз етіледі. Қазір Google, Meta және Microsoft сияқты ірі компаниялар да өздерінің суасты кабельдерін салып жатыр.

Соңғы жылдары спутниктік интернет те қарқынды дамуда. Бұрын спутниктік байланыс баяу әрі қымбат саналса, бүгінде төмен орбиталы спутниктердің арқасында жағдай өзгерді. Мысалы, Starlink жүйесі мыңдаған спутник арқылы әлемнің шалғай аймақтарына жоғары

жылдамдықтағы интернет жеткізіп отыр. Сонымен қатар OneWeb және Amazon Kuiper жобалары да осы бағытта жұмыс істеуде.

Цифрлық көшбасшы елдер қатары қалай тізбектелген?

Әлемдегі мобильді интернеттің даму деңгейі елдердің цифрлық инфрақұрылымға қаншалықты инвестиция салатынын айқын көрсетеді. Қазіргі таңда көшбасшылар қатарында Біріккен Араб Әмірліктері, Қатар және Кувейт сияқты Таяу Шығыс елдері тұр.

Біріккен Араб Әмірліктерінде интернет жылдамдығы 644,66 Мбит/секундқа дейін жетеді. Ел халқының 99 пайыздан астамы интернетке тұрақты қол жеткізе алады. Бұл нәтижеге әсер еткен негізгі факторларды зерделеп көрдік. Біріншіден, инфрақұрылымға салынған ауқымды инвестициялар, яғни талшықты-оптикалық желілер мен 5G технологиясы жоғары деңгейде дамыған. Тіпті БАӘ әлемде 10G интернет желісін сынақтан өткізген елдердің бірі ретінде де белгілі. Екіншіден, ел жылдар бойы мобильді интернет жылдамдығы бойынша әлемдік рейтингте көшбасшылық орындарды иеленіп келеді. Үшіншіден, электронды үкімет жүйесі толық цифрландырылған, мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі онлайн форматта жүзеге асады және жасанды интеллект технологияларымен интеграцияланған. Сонымен қатар әлеуметтік желілерді пайдалану деңгейі де өте жоғары, кей деректер бойынша пайдаланушылар саны халық санынан да асып түседі.

Екінші орында – Қатар. Бұл елде мобильді интернет жылдамдығы 576,06 Мбит/секундты құрайды. Алғашқы үштікті Кувейт түйіндеген, мұнда бұл көрсеткіш 372,76 Мбит/секунд деңгейінде. Керісінше мобильді интернет сапасы ең төмен елдердің қатарында Эритрея тұр, мұнда орташа жылдамдық небәрі 4,75 Мбит/секундты құрайды. Сондай-ақ төмен көрсеткішке ие елдер қатарында Боливия – 15,24 Мбит/сек, Ауғанстан – 15,91 Мбит/сек, Ливия – 22,89 Мбит/сек, Парагвай – 26,22 Мбит/сек, Пәкістан – 26,46 Мбит/сек және Сирия – 28,27 Мбит/сек бар.

Жалғасы 2-бетте

Бәрекелді!

Алматы қаласында ауыл мектептерінде білім алатын оқушыларға арналған республикалық «Iqanat» олимпиадасы өз мәресіне жетті. Еліміздің әр өңірінен жиналған үздік оқушылар қатысқан бұл білім бәйгесі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, мыңға жуық бала өз білімін сынға салды. 60 мыңнан астам қатысушының арасынан үздік нәтиже көрсетіп, шешуші кезеңге ауданнан алты оқушы жолдама алған болатын. Олардың қатарында Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейдің оқушысы Нұрай Асылханқызы да бар. Ол өз мектебінің намысын қорғап, білім додасында белсенділік танытты.



Биыл сегізінші рет дәстүрлі түрде ұйымдастырылып отырған бұл жарыс – ауыл балаларын қолдау мақсатында біріккен 100-ден астам қазақстандық кәсіпкердің әлеуметтік жобасы. Жобаның негізгі мақсаты – ауыл мектептеріндегі оқушыларға сапалы білім алуға мүмкіндік беру, олардың білім деңгейін көтеру және болашағына жол ашу. Осы бастаманың арқасында жыл сайын мыңдаған оқушы қосымша білім алып, Қазақстанның және шетелдің

жетекші жоғары оқу орындарына грант арқылы түсу мүмкіндігіне ие болуда. Бағдарлама аясында іріктелген оқушылар үш жыл бойы білікті мамандардың арнайы даярлығынан өтеді.

Аталған білім бәйгесінде Нұрай Асылханқызы үздік нәтиже көрсетіп, Iqanat High School of Buralay мектебінің грантын жеңіп алды.

– Биыл 8-сыныпты үздік аяқтадым. Бұл оқу жылы мен үшін ерекше оқиғаларға толы болды. Соның ең маңыздысы, ауыл оқушыларына үлкен

мүмкіндік сыйлайтын «Iqanat» олимпиадасына қатысуым. Бұл олимпиадада мен тарих пәнін таңдадым. Жоғары тыңғылықты дайындықтың арқасында алғашқы кезеңдерде тапсырмалар маған еш қиындық туғызған жоқ. «Iqanat» олимпиадасы менің білімдімді сынап қана қоймай, өзіме деген сенімділікті арттырып, алдыма жаңа мақсаттар қоюыма жол ашты. Осындай жетістікке жетуіме қолдау көрсеткен ұстаздарыма және ата-анам шексіз алғысымды білдіремін, – дейді мектеп мақтанышы.

«IQANAT» АЛҒЫРЛАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

«Iqanat» олимпиадасы үш кезеңнен тұрады, бірнеше айға созылған доданың алғашқы аудандық кезеңінде қатысушылар логика, математика, қазақ тілі және оқу сауаттылығы бойынша тест тапсырған. Ал екінші кезеңде оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, логика, ағылшын тілі және таңдау пәнінен білімін сынаған.

Республикалық шешуші кезең 18-24 маусым аралығында Алматы қаласында өткен болатын. Кейіпкеріміз бұл кезеңде ағылшын тілі, математикалық сауаттылық, Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы және логикалық ойлау бойынша тест тапсырғанын айтады. Математикалық сауаттылық пен Қазақстан тарихынан 15 сұрақтан, ал қалған үш пәннен 10 сұрақтан берілген. Сонымен қатар қатысушылар танымдық ойындарға қатысып, химиялық эксперименттер жасап, түрлі зияткерлік және шығармашылық іс-шараларға атсалысқан.

Кейіпкеріміз Нұрай Сұхбат барысында осыдан біраз уақыт бұрын Назарбаев зияткерлік мектебіне түсуді армандап, емтихан тапсырғанын айтты. Алайда күндіз-түні жасаған дайындығына қарамастан, есімі грант иегерлерінің қатарынан табылмаған. Сол сәттегі сәтсіздік оның жігерін жасытпады. Керісінше араға уақыт салып, «Iqanat» олимпиадасына қатысуға бел буып, дайындыққа бұрынғыдан да жүйелі әрі тыңғылықты кіріскен. Оның айтуынша, дәл осы тәжірибе оған қателіктерінен сабақ алып, қандай қиындық болса да мойымай, алға ұмтылуды үйреткен.

– Ең әсерлі сәт шешуші кезең болды. Олимпиаданың марапаттау рәсімі Алматы қаласындағы «Сұңқар» стадионында өтті. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген жүздеген дарынды оқушының арасында жеңімпаздарды жариялау сәтін тағатсыздана күттік. Іріктеу қорытындысы бойынша мың қатысушының арасынан үздік деп танылған небәрі 125 оқушы ғана


білім грантын иеленді. Жүргізуші менің атымды атаған сәттегі қуанышымды сөзбен жеткізу мүмкін емес. Сол сәтте бойымды мақтаныш пен ерекше бақыт сезімі биледі. Бұл – өмірімдегі ұмытылмас сәттің бірі. «Iqanat» маған тек жеңіс сыйлап қана қоймай, өмірлік достар табуыма да мүмкіндік берді. Бұл күн біріміз үшін бірдей сәтті болған жоқ. Дегенмен мен әрбір қатысушыны үздік деп есептеймін. Олардың барлығы да грантқа лайық еді, – дейді Нұрай Асылханқызы.

Аудан мақтанышына айналған Нұрайдың алға қойған мақсаты да айқын. Ол алдағы уақытта «Iqanat» мектебінде білім алып, ағылшын тілін және өзге де шет тілдерін жетік меңгеруді көздейді. Болашақта өзі сияқты ауыл балаларының сапалы білім алуына үлес қосып, олардың армандарына жол ашуды мақсат етеді. Нұрайдың айтуынша, бұл жоба оның өміріне үлкен өзгеріс әкелген. Сондықтан болашақта өзі де осы бастаманың қамқоршысы болып, ауыл оқушыларына білім гранттарын сыйлауды армандайды.

– «Iqanat» маған үлкен мүмкіндік сыйлады. Болашақта мен де осы жобаның қамқоршысы болып, ауыл балаларына білім грантын тарту еткім келеді. Бұл – менің ең үлкен арманым, – дейді ол.

Аталған олимпиада – жас талапкерлердің білімге деген қызығушылығын арттырып, олардың қабілетін анықтауға бағытталған маңызды жоба. Қатысушылар түрлі пәндер бойынша тапсырмаларды орындап, логикалық ойлау, талдау және шығармашылық қабілетін көрсеткен. Мұндай байқаулар ауыл оқушыларының мүмкіндігін кеңейтіп қана қоймай, олардың үлкен жетістіктерге жетуіне жол ашады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, алдағы уақытта да Iqanat жобасы ауыл жастарын қолдауды жалғастыра бермек.

Сезім НҰР



АДАМ НАҚТЫ МАҚСАТПЕН ӨМІР СҮРСЕ, АРТЫНА ЖАҚСЫ ІЗ ҚАЛДЫРАДЫ

Белгілі қаламгер, жазушы-журналист, ауданның құрметті азаматы Шыңғыс Айбосынов ағамызбен сұхбаттасудың сәті түсіп, әңгіміміз әріден өрбіді. Ағамыздың балалық шағы, теңіздің шағаласы қалықтап, толқыны ақ көбік атып, шалқып-тасып тұрған дәуірде өтті. Сол бір Аралдың дүркіреген шағын айтса, кейінгілерге ертегі сияқты. Ол туған ауыл Үшкөл деп аталатын. Сарыбасат деген ауылдық кеңес болатын. Шөкеңнің ауылы Үшкөл және Сарыбасат. Ақесте ауылдары Сарыбасат ауылдық кеңесіне қарайды. Үшкөл ауылы теңіздің жағасынан жүз метр жерде еді. Балалар үйден шыға салып, теңіздің суына күмп беріп қойып кететін.

Үшкөлдің ана екі ауылдан айырмашылығы мұнда балық зауыты жұмыс істейді. Ол кезде теңізде флот болды, флоттағы катерлер, шағын корабльдер ауылдарға азық-түлік, басқа да қажетті заттар әкеліп, Арал қаласына балық алып кететін. Ол заманда қазіргідей үлкен тоназытқыш, мұздайқыштар жоқ, жердің астынан қазылған үлкен ұрлардаа мұз сақталатын, балықты сол мұздың үстіне тастайды. Осы корабльдермен комбинаттың басшылары, аупарткомның хатшылары келеді.

Теңіздің толқыны жағаны ұрып жатқан кезі ғой, ауылда сол кезде жүздің үстінде үй болды, мектеп бастауыш еді. Шөкең бастауыш мектепті ауылдан бітіріп, бесінші сыныптан бастап Сексеуіл стансасына барып оқыды. 8-сыныпты Арал қаласында, 9-сыныпты Қамбаш қыстағында, 10-сыныпты қайтадан Сексеуіл стансасына келіп оқып, 1955 жылы №423 теміржол мектебін бітірді. Сол жылы стансада он жылдық мектеп ашылған еді. Үшкөлдегі бастауыш мектептен кейін балалардың көбісі әрі қарай оқуын жалғастыра алмайды. Бірақ әкесі Дәуренбек ақсақал балаларын оқудан қалдырмады, қайда барып оқымыз десе де түйге мінгізіп, әзі атқа мініп, түйені жетектеп, Сексеуілге, Қамбашқа барды, әйтеуір балаларының бәрін оқытты.

Ақсақалдың отбасында төрт түліктен сол кезде үйде бір түйе, бір мініс ат, екі сиыр болды, басқа мал жоқ. «Байлық мұрат емес, кедейлік ұят емес» деген қағиданы ұстанған Дәуренбек ақсақалдың бар байлығы балалары еді. Мұсылманша оқыған, сауаты бар, сол заманға жарайтын орысшасы да бар-тын. Ақсақалдың көрегендігі болуы керек, балаларының бәрін түйемен қатынатып оқатты. Өзі азғантай біліммен балық зауытында партия ұйымының хатшысы, колхозда басқарма бастығының орынбасары қызметін атқарды, соңғы жұмысы ауылдық кеңестің төрағасы болды. Кітап жинайтын, көп оқитын. Сол кезде ауылдағы кітабы көп үй Дәуренбек ақсақалдың үйі еді. Кітап оқуды да балалары әкесінен үйренді.

Шөкең 1955 жылы онының сыныпты бітіргесін Алматыда сол кездегі С.М.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің математика факультетіне құжат тапсырды. Төрт-бес сабақтан емтихан тапсырды. Ылғи төрт, бес жок, конкурстан өте алмады. Емтихан комиссиясы 5-6 адам ұзын үстелде отыр, орыс-қазағы аралас. Аудиторияның алдында кезекші бір қыз жүреді, сол кезекпен кіргізеді. Бұл сәйкестік пе, әлде кездейсоқтық па, Шөкең ылғи орыс мұғаліме тап болады. Сол кезде математика факультетінде профессор Перискийдің деген болды. Әйелі де мұғалім екен. Емтиханда Шөкең соның әйеліне тап болды. Берген есебін шешіменше шағып шығарып тастайды. Бірақ теорияны орыс тілінде жеткізіп айта алмайды, сөйтіп төрт қойды. Физикада да солай, бір орыс еркек мұғалімге сөйтс келді. Емтихандарды тапсырып болды, сонан қолдарына «емтихан тапсырды» деген анықтама қағаз берді. Бірақ бұл анықтама қағазды бәріне бермеді. Декан қағаз алған балаларды жинап алып «Ай, балалар, біз емтихан тапсырды деген анықтаманы бәріңізге бергеніміз жоқ. Сендер университетке түсе алмағандарыңмен бұл қағазбен басқа институттарға баруы оқуларына болады» деді. Сонан қағазын салып алды, ауылға барғанда әкесі, «Емтиханды қалай тапсырдың?» дегенде әкеме көрсетем ғой деп ойлады. Сөйтіп ауылға қайтып келді. Қызылордадан вокалдан пойыздан түссе, ауылдың бір топ баласы жүр. Амандасып жатыр.

– Ай, неғып жүрсіңдер? – деді Шөкең оларға.
– Біз осындағы пединститутқа түсіп, енді ауылға қайтып барамыз, өзің не қылдың? – деді олар.
– Ой, мен емтихандарды тым жақсы тапсырып едім, бірақ конкурстан өте алмадым.

– Қане, емтихан тапсырған қағазың бар ма, әкелші көрейік.
Шөкең қағазын берді.
– Оу, Шыңғыс, мынауың жақсы ғой, сен мына қағазыңды пединститутқа алып бар, оқуға түссің, үшпелен де қабылданған-дар бар, – деді.

Сонан айлап отырып пединститутқа барсын. Қабылдау комиссиясында Тәжімағамбетов деген кафедра менгерушісі бар екен. Кабинетінде бір жігіт отыр. «Кел, кел, не шаруа, айта ғой» деді ол кісі. Шөкең де кіріп, шаруасын айтты. Қағазын көріп шықты да «Сендер отыра тұрыңдар, мен қазір ректорға барып келейін» деді де әлгі кісі шығып кетті. Шөкең әлгі бейаның жігітпен екеуі күтіп отыр. Көп ұзамай ағайлары қайтып келді. «Ал жігіттер, құтты болсын, сендер де оқуға қабылдандыңдар» деді. Сөйтсе қасында отырған жігіт Әбдімәлік Нысанбаев екен. Кәдімгі кейін профессор, академик болатын Әбдімәлік Нысанбаев. Әбдімәлік Ташкенттің теміржол институтына барып, Шөкең сияқты конкурстан өте алмай келіп отыр екен. Сөйтіп Шөкең Әбдімәлік Нысанбаевпен сол жылы студенттік өмірге бірге кадам басып еді.

– Шөке, өзіндіңіз кітаптарыңыздағы ғұмырбаяндық әңгімелеріңізден институтты 1960 жылы бітіріп, алғашқы еңбек жолыңызды туған ауылыңыздан бастағаныңызды білеміз. Өткен ғасырдың алпысшыны жылдары Аралдың шалқып-тасып, толқыны жағаға ұрып, дәуірлеп тұрған кезі емес пе еді, сіздің негізгі математик болсаңыз да жазуға, шармашылыққа бой ұруыңызда осы ұлы теңіздің де әсері бар-ау...

– Ой, Тұрақжан-ай, оның несін айтасыз, теңіздің дәуірлеп тұрған кезеңі еді ғой. Теңіздің толқыны Арал қаласының іргесін шайып жататын. Аралдың бүкіл одақ көлемінде танылып, балығы сол кезде алып одақтың түкір-түкіріне, одан әрі шетел асып жататын. Көк теңіздің тупай ақпандардың жырына арқау болғанын өзін білсең, Аралда туып, жазбау мүмкін емес қой. Мен жазуды 1959 жылы институттың бесінші курсында жүргенде бастадым. Әр нәрсеге бір жыл себеп болады ғой. Біз оқып жүргенде Жәутүков деген ғалым болды, математика ғылымының докторы. Сол кісі оқу орындары үшін «Жоғары математикалық анализ» деген оқулық жазды. Сол оқулықты сатып алып, оқып, оқулыққа пікір жазып, сол кездегі облыстық газет «Ленин жолына» бердім. Бұл жерде де бір қызығым бар. Мақаламды берейін деп «Ленин жолының» редакциясына бардым. Газеттің әдебиет, мәдениет бөлімінің менгерушісі, шымыкенті Зейілбек деген жігіт еді. Кабинетіне барсам, Зейілбектің алдында маңдайы жарқыраған бір жігіт отыр. Әлгі жігіт Зейілбекке өлеңдерін әкеліп отыр екен. Ол өлеңдерді оқып, көріп отыр. «Е, мына қасқаба ақын болды ғой» деп шамаладым. Зейілбек есіктен кірген маған қарап «Кел, төрлет, інім, отыра тұр, қазір мына жігіттің өлеңдерін көріп алайық» деді. Қатардағы орындықтың біріне жайғастым. Зейілбек қасқаба жігіттің өлеңдерін оқып отыр, бірнеше мәрте оқыды, талдап отыр. Қасында отырғасын мен де тыңдап отырмын. Жастық шак, туған ел, туған жер туралы әжептәуір өлеңдер.

Зейілбек сәл ойлаып отырып, бірталай ескертуді айтып, әлгі жігіттің өлеңдерін қайтарып берді. Қасқаба шығып кетті.

Сосын менің мақаламды оқып көрді, не дегенмен математик емес қой, түсінді ме, түсінбеді ме білмеймін, алып қалды. Менің мақалам газеттің келесі нөміріне шағын ғана болып басылып шықты. Бұл 1959 жыл еді, мен алпысыншы жылы институтты бітіріп, елге келдім, жұмысқа кірістім. Ол кезде «Мәдениет және тұрмыс» деген тамаша журнал болатын, жаздырып алатынмын. Бір күні осы журналдың кезекті санын қарап отырсам, бір жас ақынның өлеңі шығыпты. Әлгі өлең таныс сияқты. Бір жерден оқыдым ба, әлде естідім бе, әйтеуір таныс. Сөйтсем осыдан бір жыл бұрын баяғы «Ленин жолы» газетінің редакциясында Зейілбектің талдап отырған өлеңі. Құлағымда қалып қойыпты. Өлеңнің астындағы авторын қарасам Қомшабай Сүйенішов деп тұр. Міне, мен сенің Қомшабай ағаммен осылай танысқанмын. Кейін бір кездескенімізде «Қомшекке, сенің «Ленин жолы» менсінбеген өлеңдерің «Мәдениет және тұрмысқа» шығыпты, құтты болсын!» деп құттықтадым.

– Не деген қабілет, Шөке, бір жыл бұрынғы біреудің аузынан тыңдаған өлең қалай құлағыңызда қалып қойған?!

– Шүкір, менің есті сәтқау қабілетім жаман болған жоқ, көрген, естіген әңгімелер ұзақ уақыт жадымда қалады. Сол уақытта сабақты өмірмен байланыстырып оқыту деген нұсқаулар болатын. Сол жылы мен физиканы әдебиетпен байланыстырып оқыту туралы мақала жазып, «Қазақстан мұғалімі» газетіне жібердім. Бұл мақалам жұп-жұмыр дүние болып басылып шықты және әжептәуір қаламақы алдым. Өтпелет, ақша деген жаман ғой, қаламақы алғысың жазуға ерекше ынта пайда болды, не дегенмен стимул ғой. Сонан аудандық газеттен бастап, облыстық, республикалық газеттерге жазатын болдым. Сөйтіп жүріп партия қатарына өттім. Ауданда тым жақсы беделім бар, жазатын адам болғасын тіпті кейбір бұқашаларды өз сексенетін. 1965 жылы аупарткомға шақырды. Нұсқаушы болып істейтін бір ағамыз бар еді. «Шыңғыс, сені аупарткомға жұмысқа алғамыз келіп отыр, қалай қарайсың?» деді. Бардым, бірақ аупарткомда көп істегенім жоқ, бір жыл істедім, мені Алматыға жоғары партия мектебіне жіберді. Бұл оқудың журналистика бөлімін 1968 жылы бітірдім. Ауылға келіп аупарткомға нұсқаушы болып орналастым. Осы жерде 1973 жылға дейін істедім. Бұл кезде Арал аупарткомының бірінші хатшысы Тәкей Есетов деген ағамыз болды. Тәкен Арал ауданында 1965-1973 жылдары жұмыс істеді. Кейін Исатай Әбдікәрімов ағамыздан кейін обкомға бірінші хатшы болып келді. Сөйтіп әуелі нұсқаушы, кейін саяси-ағарту кабинетінің менгерушісі болдым. Бұл – сол кездегі партияның саясатын жүргізетін бөлім, нағыз қайнаған тірлік осы жерде. Бұл лауазым сол кезде үгіт-насихат бөлімі бастығының орынбасары болып есептелетін. 1973 жылы обкомға шақырылдым, көктем мезгілі еді. Келдім, жігіттер бірінші хатшы Тәкей Есетовке кіргізді.

– Шыңғыс, сені Жалағаш аудандық партия комитетіне ұйымдастыру бөлімі бастығымына қолайлап отырмыз, қалай қарайсың? – деді Тәкен амандық-саулықтан соң.

– Сенім білдіресіңдер барамын, Тәке, – дедім.
Сөйтіп 1973 жылы Жалағаш аупарткомына ұйымдастыру бөлімінің менгерушісі қызметіне келдім. Он үш жыл Жалағаш аупарткомында ұйымдастыру бөлімінің бастышы болып істедім. Мұның бәрін тізбелеп айтып отырған себебім, бұл дегеніңіз үлкен мектеп қой, Тұрақжан-ау. Ой, ол жылдар деген, қандай қызметкерлер болды бізге, елім деп еңбек еткен қандай азаматтар болды. Халықпен, елмен жұмыс істеудің мектебінен мен осы аупарткомда жүріп өттім. Менің партиялық жүйедегі ең бірінші ұстазым – Тәкей Есетов. Есетовтің қарамағында сегіз жыл істедім. Мені жұмысқа қабылдаған, жоғары партия мектебіне жіберген, одан қайтып келгенің 8 жыл аупарткомда жұмыс істеуіме мүмкіндік жасаған осы кісі. Сөйтіп мен Арал аупарткомында шыңдалып, Жалағаш аупарткомына партиялық жұмыстың қыр-сырын обден менгерген кезде келдім. Осының бәрі – сол Тәкей ағамыздың ағалық қамқорлығының арқасы.

1975 жылы мені обкомға нұсқаушылық қызметке шақырды. Бұл кезде Жалағаш аупарткомының бірінші хатшысы Қонысбек Қазантаев ағамыз. Ол кісінің де аудандық партия комитетіне бірінші хатшы болып жаңа келген еді. «Шыңғыс, әлі жассың, өсетін уақытың алда, мен де жаңа келіп жатырмын, бірге жұмыс істейміз» деп обкомға жібермеді. 1980 жылы обкомға парткомның анын нұсқаушылығына тағы қызметке шақырды. Бұл жолы да Қонысбек жібермеді. Қонысбек, ағамыз жақсы кісі еді ғой, ол кісімен еркін сөйлесе беретімін.

– Қонысбек, бұл жерде бірталай жыл істедім ғой, мені неге жібермейсіз? – деймін.

– Мен сені хатшы қыламын, жақсы кадр маған да керек, – дейді.

– Мені кімнің орнына хатшы қыласыз?
– Нәзіят апан зейнетке шығады, идеология бөліміне барасың, сен нағыз идеолог емессің бе, сен істемегенде кім істейді? – деді.

– Қонысбек, мені ол кісінің орнына жібере алмайсыз.

– Неге?

– Ол орынға «ЦК» мені бекітпейді, негізі ол әйелдердің орны, әйелдің орнына әйел болсын дейді.

Расында солай еді, көп жағдайда идеология жөніндегі хатшылықты қыз-келіншектер істейтін. Бюро мүшелері отырмыз, мен де бюро мүшесімін. Қонысбек сол жерде обкомға телефон соғып, Тәкей Есетовпен сөйлесті.

– Тәке, мына Шыңғыс менің қасымда тұр, мен обкомға жібермей отырмын, жақсы кадр бізге де керек, сіз қарсы болмайсыз ба?

Тұтқаның ар жағынан бірдене айтып күліп жатқанын еміс-еміс естіп тұрмын. Сірә Тәкең «қарсы емеспін» деген болуы керек. Қонысбек бюро мүшелеріне қарап «Тәкемнен келістім, Шыңғыс жұмысыңды істей бер, қызмет осы жерден де табылады, – деді.

Міне, сөйтіп екі мәрте обкомға қызметке шақырылып, екеуінде де бара алмадым. Қонысбек марқұм осындай еді. Осы Сәбит Серікбаевты Қошербас Қазылда аупарткомның бірінші хатшысы болып тұрғанда қызметке шақырды. Ол жақта Сәбитке екінші хатшының қызметі ұсынылып еді. Сәбитті де Қонысбек жібермеді. Әрине, бұны мен Қонысбекнің кемшілігі деймеймін. Қонысбек «жақсы кадрлар елге қызмет етсін» деген болуы керек. Өзінің айналасына мықты кадрларды жинақтауы – Қонысбекнің мықтылығы, ірілігі. Әлсіз адам айналасына өзі сияқты әлсіздерді жинайды, өзінің маңайындағы адам өзінен асып кетпей керек. Ал мықтылар мықтыларды жинайды. Осы тұрғыдан қарағанда Қонысбек өз дәуірінің, сол заманның қыр-сырын толық менгерген

мықты басшы болды. Мақтанғаным емес, мықты басшының құзырында жүргесін біз де осал болғанмыз жоқ.

Қонысбектің және бір қыры шыншылдығы, әділдігі еді. Мысалы, бір азаматтар қызметке ұсынылып жатады. Бюро мүшелері ұсыныстарын айтады, өзі ұсынған азаматтардың жетістігін, жақсы қырын айтады. «Қонысбек, бұл қызметке осы азамат лайық» деп өз ойымызды айтамыз. Сонда Қонысбек сенің пікіріңмен санасады. Егер ол лайық азамат болса, ешпегенге қарамайды, сенің ұсынған кадрыңды алатын.

Ол кезде аупарткомның ұйымдастыру бөлімі дегеннің жұмысы шеті-шеті жоқ болатын. Обкомның қатынас қағаздарына жауап беру, партия ұйымдарының ақпараттарын қабылдау, талдау, кадр резерві жұмыстары, келген тексеру комиссиялары, хатшының баяндамалары тағы басқа мың сан жұмыс. Жалпы аупарткомның ішкі егесі осы ұйымдастыру бөлімі болатын. Мен осы бөлімде он жылдан аса істеп, Қонысбектің тәрбиесін көрдім, бұл кісі менің екінші ұстазым болды. «Қазантаев мектебі» деген менің кітабымды білесің ғой, осы Қонысбек ағамызды насихаттаған мен. Облыс руханиятына «Қазантаев мектебі» деген тәрбиелік қағиданы енгізген де мен. Қаншама қайраткер тұлға болғанымен оны насихаттамаса, бейнесі көмескіленсе береді, уақыт өте ұмытылады. Мысалы, Исатай Әбдікәрімов қандай қайраткер тұлға еді. Бірақ «Әбдікәрімов мектебі» деп еш жерде айтылмайды. Кейінгі ұрпақ Исатай ағамызды біле бермейді. Мен жыл сайын жергілікті басымдарға Қонысбек туралы мақала беріп тұрамын. Мұның өзі Қонысбектің алдындағы інілік парызымның кішкентай ғана өтеуі. Ешбір аупарткомның бірінші хатшысы Қонысбекті насихатталған жоқ. Қонысбек – насихаттауға тұратын тұлға, оның өмірі – кейінгі ұрпаққа үлгі.

Қонысбектің әділдігі жөнінде жоғарыда айттым, тағы бір ерекше қасиеті, Қонысбек сенің ұсынысыңды тыңдайтын. Қазір байқайсың ба, басшылар қарауындағы адамдардың ұсынысын тыңдайды ғой. Ал Қонысбек асықпай тыңдайтын, оған жағыз мен емес ұсыныс айтатын. Бюро мүшелерінің бәрі де айтты. Солардың бәрін тыңдайтын, өзі сарапта салатын. Ұсынысың дұрыс болса, сөзсіз қабылдайтын. Ағайын-туыс дегенге қарамайтын, ол сені жұмыспен, құнды ұсыныстарыңмен бағалайтын. Қонысбекпен кейін 1985 жылы тамыз айында аупарткомның бірінші хатшысы болып Оналбек Сәниев келді. Шынымды айтайын ба, мен осы кісіні Қонысбекті қабылдай алмадым. Қазантаевпен бірге қызмет істегенді Сәниевпен жұмыс ітесе алмадым.

– Шөке, сіздің өмір жолыңызда қиын кездер де болғанын білеміз, жұмыстан босап қалған кезіңіз де болды ғой...

– Ой, Тұрақжан-ай, ондай кездер де болды, иә, ол кезде де бұрмалаушылық болды ғой, партия қалай айтса, сол заң еді. Мен сәуір айында жұмыстан босадым, сонан маусым айына дейін бос жаттым. Маусым айында кәсіптік-техникалық училищені шебер болып жұмысқа тұрдым. Училищенің директоры – өзімнің қадрым Рысбай Кәрімов. Өмір ғой, өмір болғасын түрлі жағдайлар болып тұрады. Бұл – өмірдің сабағы.

– Е, Шөке, сіз де біраз құқайды көрген екенсіз ғой...

– Көрдік қой, «жүре берсең, көре берсең» деген, бірақ соның бәріннен сабақ алу керек. Аупарткомдағы жұмыстан босағасын кәсіптік-техникалық училищенде екі жыл жұмыс істедім. Обкомның бірінші хатшысы Еркін Әуелбековтің қабылдауына кіріп, жағдайымды айтайын десем, қабылдамайды. Екінші хатшы Золотаревқа барсам «Мен сіздің шаруаңызды шеше алмаймын» деді. Сөйтіп жүргенде сайлау болатын болып, оған обкомның бірінші хатшысы түседі. Әуелбеков ауданға халықпен кездесуге келді. Мен мәдениет үйінде болған сол кездесуде сайлаушылардың атынан шығып сөйледім. Маған сөз берген ешкім жоқ. Аупарткомның бірінші хатшысы Биғали Қаюпов, аупарткомның төрағасы Балғабай Имашев. Балғабай жиналысты жүргізіп отыр. Белгіленген сөйлеушілер сөйлеп жатыр. Мен де облыс көлемінде атқарылған шаруаларды айттым.

Осы жиналыстан кейін обкомның бірінші хатшысына қабылдауын өтініп хат жаздым. Бір ай өткенде бірінші хатшы ауданға шаруалармен келді. Аупарткомнан жігіттер телефон соғады.

– Сіз, обком хатшысының қабылдауын сұраған екенсіз, шақырып жатыр.

Дереу бардым, Қаюпов, Ақмағамбетова үшеуі бірінші хатшының кабинетінде отыр екен, осы кездегі аудан әкімінің кабинеті ғой. Дариха Ақмағамбетова бұл кезде екінші хатшы, үшінші хатшы Кенжегара Сүлейменов. Сәлем беріп кірдім, жағдайымды айттым.

– Қандай өтінішіңіз бар? – деді бірінші хатшы амандық-саулықтан соң.

– Еркін Нұржанұлы, мен қайта құрудың адамымын, менің үкіметке, қоғамға ешқандай зияным тиген жоқ, сондықтан маған өзімнің қабілетіме қарай жұмыс берілуіне ықпал жасауыңызды сұраймын. Қандай жұмыс берсеңіз де қабілетім, білімім жетеді.

– Жолдас Қаюпов, Айбосыновқа қандай қызмет ұсынсаң да мен қарсы болмаймын, – деді.

– Еркін Нұржанұлы, сізге көп рақмет, маған қызмет берілер, берілмесе, бірақ сіздің мына жақсылығыңызды ешқашан ұмытпаймын, – дедім.

Көп ұзамай поселкелік кеңестің төрағасы болдым.

– Шөке, қазір кент әкімі, сіздің кезіңізде поселкелік кеңес төрағасы деген аудандағы белгілі тұлға ғой. Он жыл осы лауазымда істесеніз, оның алғашқы жылдары еліміз тәуелсіздігінің алғашқы қиын кездеріне сәйкес келеді екен. Ал жігіттер жылдар – елдегі жағдайдың қалыптасу, тұрақтану кезеңі. Поселкелік кеңес төрағасы – байшыппен қарасак, өзіндік орны, салмағы бар аймақтағы елдің басшыларының бірі. Өзіңіз қызмет істеген осы он жылға қалай баға берер едіңіз?

– «Салмағың, орның қандай болды?» деп отырғаның-ау бұл! Дегенмен дұрыс сұрақ, өзімді өзім мақтағандай болмаймын. Төраға болып жұмыс істеген он жылға халық өз бағасын берер. Ештеңені төңкеріп тастағаным жоқ, елмен бірге шамам келгенше қызмет еттім деп ойлаймын. Мен поселкелік кеңеске төраға болып келгенімде қыстақта қырық сегіз көше бар екен. «Жұмысты неден бастаймын?» деп ойладым. Естудің бар шығар, Төлеген Қыстаубас деген ағамыз болған. Қолмен қойғандай қылып, осы қыстақтың көшелерінің негізін қалаған, ағаш ескізген сол ағамыз. Ағаларымыздың жұмысын жалғастыруымыз керек. Мен жұмысқа кіріскеннен өр көшеге бір журнал арнадым, яғни 48 көшеге 48 журнал. Сол журналға көшеде қанша үй бар, үйдің нөмірі, ол үйде қанша жан бар, қанша мал бар, сол көшеде қанша тал бар, осындай мәліметтер түсірілді. Қораның ішіндегі, паркеттегі ағаштарды есепке алғанымыз жоқ. Әлгі 48 көшеде сол кезде 2 мың тұп ағаш бар

екен. Мен жұмысты қойып, поселкелік кеңесті тапсырған кезде осы ағаштардың саны 15 мыңға жетті.

Шығыс халықтарында ағаш егуге қатты мән береді. Ағаш егу олардың өмірінің мәні болып есептеледі. Кез келген шаралар ағаш егуден басталады. Менің поселкелік кеңестің төрағасы болып істегендегі ауыз толтырып айтатын жұмысым осы. Әрине, поселкенің майда-шүйде жұмысы да бастан асады. Бірақ оның бәрін тізбелеп отырудың қажеті болмас. Ол кезде қазіргідей қомақты қаржы да бөлінбейді. Жұмыстың басында өзіміз жүреміз. Көктемгі ағаш егу кезінде арықтарға су келтіру керек. Суды жетелемесең, жүрмейді ғой. Сәбит Мырзағалиев деген орынбасарым болды. Сол Сәбит, комхоздың бастығы Наурызбаев Базарбай үшеуіміз арық жағалап жүретінбіз.

– Арал ауданы бар, Жалағаш ауданы бар, партия-кеңес қызметінде бірталай жыл жұмыс істедіңіз. Білген адамға бұл үлкен мектеп қой, халықпен арапастыңыз, қаншама адамдармен қызметтес болдыңыз дегендей...

– Әрине, мектеп болғанда қандай, өмір университеті. Мен қызметтес болған азаматтардың ішінде небір мықтылар болды. 1973-1975 жылдары Аманов Сұлтан Шахмұлы деген ағамызбен қызметтес болдым. Ол қазақтың марғасқа азаматы еді, білімді, білікті хатшы болды. Осы кісінің тұсында Жалағаш аупарткомында ұйымдастыру бөлімінің менгерушісі болып қызметімді бастадым. Бұл кезде екінші хатшы Қаһарман Табынбаев еді. Үшінші хатшы Нәзіят Сермаханова деген апаныз. Үшеуі де сол заманның іскер, білімді азаматтары болды. Қаһарманмен жарты жыл ғана жұмыс істедім, ол обкомға бөлім менгерушісі болып кетті. Қаһарманнан кейін екінші хатшы болып Сейілбек Шаухаманов келді. Сейілбекпен 1975-1980 жылдары 5 жыл қызмет істедік. Оның арасында Сәмит Далдабаев екінші хатшы болып бір жылдай істеп, Сырдария аупарткомының төрағасы болып кетті. Сейілбек осы Сәмиттен кейін келді. Бәрі өзі өмір сүрген уақыттың талабына сай келетін, өмірі өнеге, тұлға бойы даналыққа толы, соңынан халықты ерте алатын, шоктығы биік азаматтар еді.

Өмір болғасын әртүрлі жағдайлар болады, менің басыма қиыншылықтар түскенде теріс айналып кеткендер болды. Аупарткомның ішінде бірге қызмет істеген жігіттердің арасында да болды. Көшеде кездескенде көрмеген болып өтіп кететін. Керісінше маған моральдық, материалдық көмегін аймаған азаматтар да болды. «Жақсының жақсылығын ай» деген, солардың бірі – Ұзақ Еспанов ағамыз. Ғылымда «тек, ген» деген ұғым бар, «Тектің тің түйығы» деп жатамыз. Ұзақ ағам тектің тің түйығы еді ғой, жарықтау. Ұзақ ағаммен Жалағаш аупарткомына жұмысқа келген күннен бастап аға-іні болып сыйластық. Сол сыйластығымыз ұзағынан болды. Ағам маған көп көмек көрсетті, інісіңді қамқорлық жасады.

– Шөке, уақыт бір орнында тұрмайды, алдыңғы буын өзіне тиісті міндетін атқарып, кейінгі толқын жастар келеді. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін қоғамдағы талап та, адам да өзгерді. Билік құрылымдары да өзгеріп, бұрын аупарткомның хатшысы болса, енді ауданның әкімдері болды. Бұрынғы сіздер жүріп өткен жол мен бүгінгі күннің талаптары арасында сабақтастық,

Турнир

АРДАГЕРЛЕР ОЙ БАҚҚАН ЖАРЫС

13 шілде – Қазақстан Республикасы прокуратурасы ардагерлерінің күніне орай Жалағаш ауданында шахматтан турнир ұйымдастырылды. Зияткерлік сайыс ардагерлердің көп жылғы адал еңбегіне тағзым жасап, олардың өнегелі өмір жолын кейінгі буынға насихаттауды мақсат етті.



Заң үстемдігін сақтауды өмірлік мұрат еткен жандардың еңбегі уақыт өткен сайын өз құнын жоғалтпайды. Қайта олардың адалдығы мен азаматтық болмысы кейінгі буынға үлгі болып, қызметтің кәдірін тереңірек сезіндіреді.

Шараға жиналған ардагерлер алдымен аудандық тарихи-өлкетану музейіндегі прокуратура

саласының тарихына арналған көрмені аралады. Жылдар қойнауынан сыр шерткен суреттер мен құжаттар, қызметтік естеліктер бір кездері елдің тыныштығы мен заңдылығы үшін аянбай еңбек еткен азаматтардың жарқын бейнесін көз алдына әкелді. Кейін өмірден өткен прокурорлардың рухына Құран бағышталып, олардың адал қызметін құрметпен

еске алды. Бұл рәсім жиынның тағылымдық мәнін одан әрі тереңдетте түсті.

Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов ардагерлерді мерекемен құттықтап, олардың ел алдындағы еңбегі ешқашан ұмытылмайтынын айтты.

– Әрбір ардагердің еңбек жолы – адалдықтың, табандылықтың және Отанға деген шынайы қызметтің үлгісі. Сіздер қалыптастырған кәсіби мектеп пен өмірлік тәжірибе – бүгінгі жас мамандар үшін үлкен өнеге. Мұндай кездесулер ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтып, ардагерлерге деген құрметті арттыра түседі. Шахмат – сабыр мен терең ойдың ойыны. Бұл қасиеттер сіздердің қызметтеріңізден де айқын көрінді. Баршанызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін, – деді ол.

Ардагерлердің жүзінен қуаныш, бір-бірімен қайта қауышқан әріптестердің жүздесуінен сағыныш сезілді. Көпшілік өткен жылдардың естелігін бөлісіп, қызмет жолындағы қызықты сәттерді еске алды. Осындай сәттер турнирдің жарыстан бұрын рухани кездесуге айналғанын аңғартты.

Шарада Жалағаш ауданының прокуроры Талғат Бектұрсынов прокуратура органдарының бүгінгі жетістігінің негізінде аға буынның қақыры еңбегі жатқанын ерекше атап өтті.

– Біз – ардагерлер қалыптастырған адалдық пен жауапкершілік мектебінің жалғасымыз. Сіздердің тәжірибелеріңіз – біз үшін сарқылмас қазына. Жас қызметкерлердің кәсіби қалыптасуына қосып жүрген қолдауларыңыз үшін алғыс білдіремін. Осындай тағылымды кездесулер сабақтастықты нығайтып, прокуратура жүйесінің бірлігін бекемдей түседі. Ардагерлерге көрсетілген құрмет – тұтас саланың абыройына көрсетілген құрмет, – деді аудан прокуроры.

Турнир барысында әр партияда тек жеңіске деген ұмтылыс емес, өмірлік тәжірибе мен парасаттың да көрінісі байқалды. Бірі асықпай ойланса, енді бірі қарсыласына құрмет білдіре отырып, тартысты ойын өрнегін көрсетті. Бұл жарыстың ерекшелігі де осында еді.

Прокуратура саласының ардагері Рахат Мешешов бүгінгі басқосудың мәні жөнінде анықтауда емес, ұзақ жыл бір салада еңбек еткен

әріптестердің басын қосып, өткенді еске алуда екенін жеткізді. Ол прокуратура қызметінде адалдық, әділдік пен жауапкершілік әрдайым басты ұстаным болғанын атап өтті. Осындай игі шаралардың ұйымдастырылуы ардагерлерге деген құрметтің айқын белгісі екенін айтты. Жас буынның аға буынның еңбегін бағалап, олардың өмірлік тәжірибесінен тағылым алуы маңызды екенін де тілге тиек етті. Сондай-ақ осындай мазмұнды кездесулердің алдағы уақытта да жалғасын тауып, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты нығайта беретініне сенім білдірді.

Тартысқа толы дода қорытындысында кент ардагері Кеңес Тенелбай байыпты ойы мен шеберлігінің арқасында қарсыластарынан оқ бойы озып, I орынға ие болды. II орын кент ардагері Нұрлан Мұқашевқа бұйырса, III орынды Заманбек Жақсылық иеленді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы марапаттар табысталды.

Қазіргі кезде прокуратура органдары заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқық-

тары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті нығайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Әсіресе «Заң және Тәртіп» қағидаты аясында құқықбұзушылықтың алдын алу, қоғамда заңға құрмет мәдениетін қалыптастыру, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және азаматтардың өтініштерімен тиімді жұмыс жүргізу негізгі басымдықтың бірі саналады.

Прокуратура органдарының бүгінгі тыныс-тіршілігі мен нәтижелі жұмысының бастауы – ел мүддесіне адал қызмет еткен аға буынның еселі еңбегі. «Руханият» орталығында өткен шахмат турнирі де сол буынға көрсетілген құрметтің, ұрпақтар сабақтастығының және адал қызметке деген тағзымның жарқын көрінісі болды. Заңдылық пен әділдікті өмірлік ұстанымына айналдырған ардагерлердің өнегелі жолы әлі де жас мамандарға бағыт-бағдар беріп, прокуратура қызметінің абыройын арттыра беретіні сөзсіз.

Гүлжан ЕСЖАН



Бәрекелді!

БЕЛДЕСУДЕ БЕКЕМ, ҚЫЗМЕТТЕ ҮЛГІ

«Балуанның күші білегінде, азаматтың күші жүрегінде» дейді дана халқымыз. Расында өмірде өзінің табанды еңбегімен туған жерінің мерейін үстем етіп, елдің абыройын асқақтататын азаматтар болады. Олар жеңісті жеке басының жетістігі емес, туған өлкесінің мерейі, халқының қуанышы деп қабылдайды. Осындай азаматтардың қатарында Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы, қазақ күресінен Қазақстан Республикасының жеңімпазы, Монғолияда өткен Азия чемпионатының қола жүлдегері, мемлекеттік қызметшілер арасындағы республикалық спартакиаданың чемпионы Жайдарбай Есеновтің есімі ерекше құрметпен аталады.

Қазақ халқы қашанда күш пен қайратты ғана емес, ар мен намысты, адалдық пен парасатты қатар бағалаған. Нағыз азаматтың қайті оның алған марапатымен емес, халқына сіңірген еңбегімен өлшенеді. Жайдарбай Мырзабайұлының өмір жолына көз салғанда осы сөздердің шынайы мәнін терең сезінесің. Ол 1990 жылы Сыр өңірінің қасиетті топырағы Жалағаш ауданында дүниеге келді. Балалық шағы ауылдың кең даласында, еңбекпен өрілген қарапайым тіршіліктің ортасында өтті. Табиғатпен біте қайнасқан ауыл өмірі оның бойына төзімділік пен еңбекқорлықты, қарапайымдылық пен қайсарлықты ерте сіңірді. Жастайынан алғыр, қимылы шашпаң, намысшыл болып өскен ол қатарластарының арасында ерекше көзге түсетін.

Қазақ күресіне деген қызығушылығы да сол балалық шақтан басталды. Ауладағы балалармен белдесіп, күш сынасу оған ерекше қуаныш сыйлайтын. Бойындағы табиғи қарымды байқаған үлкендер «бұл баланы міндетті түрде күреске беру керек» деп ақылын айтатын. Сол сөз жасөспірімнің тағдырын өзгерткен шешімге айналды. Осылайша он бір жасында қазақ күресінің табалдырығын аттады. Жаттығу залына алғаш кірген күнінен-ақ бұл жолдың оңай емесін түсінді. Әр жаттығу маңдай терді, темірдей тәртіпті, сарқылмас сабырды талап етті. Кейде жүздеген мәрте қайталанатын бір ғана әдіс, кейде жеңілстен кейінгі ауыр күйзеліс жас спортшыны шындей түсті. Бірақ ол ешқашан алған бетінен қайтқан жоқ.

Қазаққа «жүйрік жарыста шындалады, ер жігіт тартыста сыналады» деген сөз бар. Жайдарбай да бала кезінен осы сөздің мәнін өз өмірінен ұқты. Жеңілген сайын жігерленді, сүрінген сайын қайта тұрды. Себебі ол үшін әрбір жеңіліс тоқырау емес, жана жеңіске бастайтын баспалдақ еді. Айтуынша, өміріндегі ең ұмытылмас сәттің бірі – алғашқы аудандық жарыстағы жеңісі.

– Он бір жасымынан бастап қазақ күресімен айналыстым. Ең алғашқы үлкен жеңісім аудандық жарыста келді. Сол күнгі қуанышымды сөзбен айтып жеткізу қиын. Сол сәтте еңбегімнің ақталғанын сезіндім. Өзіме деген сенімім артты. Дәл сол жеңіс мені бұдан да үлкен белестерге ұмтылуға жігерлендірді, – дейді ол.

Шынында, алғашқы жеңістің орны әр адамның өмірінде ерекше. Ол – сенімнің бастауы, үміттің



қанаты. Сол бір жеңіс жас палуанның жүрегіне үлкен арман ұялатты. Ол енді тек ауданның ғана емес, облыстың, республиканың намысын қорғайтын спортшы болуды мақсат етті.

Жылдар өте Жайдарбай аудандық және облыстық жарыстарда үздік шығып, республикалық додаларда да өзінің шеберлігін дәлелдей бастады. Оның күрес мәнері өзгелерден сабырлылығымен, әдісті дәл уақытында қолданатын септілігімен ерекшеленді. Ол ешқашан тек күшке сенген емес. Қазақ күресінде ақыл, тәзім, тактика мен психологиялық дайындықтың маңызы зор екенін жақсы түсінді.

Төгілген тер мен тынымсыз еңбектің нәтижесінде қазақ күресінен Қазақстан Республикасының жеңімпазы атанды. Бұл бала күнгі арманының орындалған сәті еді. Алайда ол бұл жетістікпен тоқтап қалған жоқ. Нағыз спортшы үшін әрбір жеңіс – жаңа биіктің бастауы ғана екенін жақсы білді. Кейін халықаралық жарыстарда ел намысын қорғап, Монғолияда өткен Азия чемпионатында қола жүлдеге ие болды. Бұл – тек өзінің ғана емес, қазақ күресінің де абыройын асырған айтулы жетістік. Шетел төрінде көк байрағымыз желбіреп, қазақ спортшыны мерейі үстем болған сәтте оның жүрегін туған жерге деген мақтаныш сезімі кернеді.

Әрбір жарысқа шығар алдында ол өзіне бір ғана міндет жүктейтін. «Мен тек өзім үшін емес, Жалағаш үшін, Сыр елі үшін белдесемін». Осы жауапкершілік оның әрбір жеңісінің негізіне айналады.

Бүгінде көпшілік Жайдарбай Мырзабайұлын білікті мемлекеттік қызметші ретінде таниды. Алайда оның бойындағы жауапкершілік, тәртіп, талапшылдық, әділдік сияқты қасиеттердің бәрі

спорт мектебінде қалыптасты. Спорт оған жеңісті ғана емес, өмірдің ең маңызды қағидаларын үйретті. Ол қандай қызметте жүрсе де, спортшыға тән жинақылық пен табандылықты серік етіп келеді.

Қазір Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы ретінде аудан спортшының дамуына бар күш-жігерін жұмсап келеді. Оның бастамасымен бұқаралық спортты дамытуға, жастарды салауатты өмір салтына баулуға, ұлттық спорт түрлерін кеңінен насихаттауға бағытталған жұмыстар жүйелі жүзеге асырылуда. Өйткені ол спорттың адам тәрбиесіндегі орны ерекше екенін жақсы түсінеді. Өмірлік ұстанымы да қарапайым болғанымен, мағынасы терең: «Адамға пайдалы, шынайы және әділ болу». Бұл – оның қызметтік қағидасы ғана емес, бүкіл өмірінің темірқазығына айналған ұстаным.

Спорт – адамды жеңіске ғана емес, өмірдің кез келген сынағына төтеп беруге үйрететін үлкен мектеп. Жайдарбай Мырзабайұлының бүгінгі болмысынан осы мектептің тағылымы анық байқалады. Ол қай қызметтің тізгінін ұстаса да, спорттан алған тәртіп пен жауапкершілікті өмірлік қағидасына айналдырды. Сондықтан әріптестері оны талапшыл басшы, әділ азамат, сөзінде тұратын сенімді тұлға ретінде бағалайды.

Мемлекеттік қызмет – халықтың сенімін арқаулау. Ал сол сенімді ақтау күн сайын тынымсыз еңбек етуді талап етеді. Жайдарбай Мырзабайұлы үшін мемлекеттік қызмет пен спорт бір-бірінен бөлек ұғым емес. Екеуінің де түпкі мақсаты – елге қызмет ету. Бірінде ол халықтың денсаулығы мен бұқаралық спорттың дамуына еңбек етсе, екіншісінде туған жердің абыройын республикалық, халықаралық

деңгейде асқақтатып келеді.

Жалағаш ауданы соңғы жылдары спорт саласында мол табысқа қол жеткізіп келеді. Сол жетістіктердің артында жаттықтырушылардың, спортшылардың және сала басшыларының үйлесімді еңбегі жатыр. Бұл бағытта Жайдарбай Мырзабайұлы да тың бастамалардың жүзеге асуына сеп болып, жастардың спортпен тұрақты айналысуына жағдай жасауды басты міндеті санайды. Ол жастармен кездескен сайын бір ғана ойды айтады: – «Спорт – денені ғана емес, мінезді де тәрбиелейді. Спортпен өскен жас жаман әдеттен аулақ болады, еңбекке бейім келеді, мақсатына жетуі үйренеді», – дейді. Бұл сөздер оның өмірлік тәжірибесінен туған тұжырым екені анық. Себебі өзі де спорттың арқасында төзімділікке, сабырға, жауапкершілікке үйренді.

2026 жылы Ақмола облысының Көкшетау қаласында өткен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері арасындағы республикалық спартакиада оның спорттық жолындағы тағы бір жарқын белес болды. Еліміздің барлық өтірінен келген үздік мемлекеттік қызметшілер спорттың он түрінен басқ сынады. Бұл жарысқа әр облыстың ең мықты спортшылары ғана жолдама алған болатын.

Қазақ күресінен 90 келі салмақ дәрежесінде бөксілемге пылқан Жайдарбайдың алдында оңай қарсылас болған жоқ. Оның салмағында Қазақстанның әр өңірінен келген 19 тәжірибелі палуан бас сынады. Әрқайсысы өз облысының намысын арқапал келген кім мықтылар еді. Осындай тартысты долада Жайдарбай Мырзабайұлы әр белдесуіне үлкен жауапкершілікпен шықты. Ол

асығыстыққа жол берген жоқ. Қарсыласының әрбір қимылын сарапал, әдісті дәл уақытында қолданып отырды. Жылдар бойы жинаған тәжірибесі, мықты дайындығы мен қайсар мінезі әрбір белдесуде айқын көрінді.

Белдесулер бірінен соң бірі аяқталды. Әр жеңіс сайын Сыр елінің мерейі үстем болып, жерлестерінің үміті арта түсті. Ақтық сында да ол өзіне тән байыптылық пен шеберлікті танытып, қарсыласынан басым түсіп, республикалық спартакиаданың чемпионы атанды.

Жеңімпаз ретінде оның қолы көкке көтерілген сәт – тек Жайдарбайдың ғана емес, бүкіл Жалағаш жұртының қуанышына айналды. Бұл алтын медаль ұзақ жылғы еңбектің, табандылықтың, төзімнің және туған жерге деген сүйіспеншіліктің заңды жемісі еді.

Бұл жеңістің мәні тіпті ерекше болды. Өйткені Жалағаш ауданының мемлекеттік қызметшілерінен құралған команда бұған дейін де облыстық спартакиадаларда қатарынан чемпион атанып, Қызылорда облысының намысын республикалық деңгейде қорғау мәртебесіне ие болған еді. Сол сенімді ақтап, Сыр өңірінің абыройын асқақтату – Жайдарбай Мырзабайұлының еңісіне бұйырды. Алайда ол бұл жеңісті ешқашан өзінің ғана жетістігі деп есептемейді.

– Бұл – мені тәрбиелеген ұстаздарымның, қолдау білдірген әріптестерімнің, туған жерімнің жеңісі, – дейді қарапайым қалпынан айнымай.

Нағыз чемпионының биігі де осында. Ол медальмен емес, адамдық қасиетімен дараланды. Жетістікке жеткен сайын кішіпейілдігін жоғалтпай, әр жеңісті жаңа жауапкершілік деп қабылдайды.

Қазақ «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді. Жайдарбай Мырзабайұлының өмір жолы – осы нақылдың нақты көрінісі. Оның жеңісі жас буынға жігер беріп, ауыл балаларының үлкен арманға ұмтылуына жол ашып келеді. Жеңіс – тек жеңілген қарсыласты еңсеру ғана емес, адамның өз-өзін жеңуі, мінезін шындауы, рухын биіктетуі. Кейіпкеріміз осы қағидаы өмірлік ұстанымына айналдырып, спорттағы табысын адал еңбегімен, қызметтегі жауапкершілігімен ұптастыра білді. Ол қай ортада жүрсе де қарапайымдылығынан танбай, ел сенімін ақтап келеді.

Бүгінде ол – тек жеңімпаз спортшы ғана емес, елге сыйлы азамат, жастарға үлгі болатын тұлға. Оның өмір жолы – табандылықтың, тәртіптің, тәзім мен еңбектің арқасында алынған жеңістің айқын көрінісі. Сондықтан оның әрбір жетістігі туған жерінің мерейін өсіріп, ел абыройын асқақтатып келеді.

Қазақ «Ердің атын еңбек шығарады» дейді. Осы сөздің мәнін өз ғұмырымен дәлелдеп жүрген азаматтың өнегелі жолы кейінгі буынға бағыт-бағдар, жігер мен сенім сыйлайтыны анық. Намысты ту етіп, көк байрағымызды биікке көтерген әрбір жеңіс – ел тарихындағы жарқын белес, ал адамдық болмысы – нағыз азаматқа тән асыл қасиеттің үлгісі.

Осындай азаматтардың өнегелі өмірі ұрпақ санасына отансүйіштік рухын сіңіріп, елге қызмет етудін, адал еңбек пен қайсарлықтың құндылығын ұғындырады. Чемпионынан жеңісті жолы әлі талай жасқа қанат бітіріп, арманына жол ашары сөзсіз. Өйткені нағыз жеңіс медальмен ғана өлшенбейді, ол халықтың жүрегінен орны алумен бағаланады.

Ләззәт ӘЛІМ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес KZ 4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертифицирталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2845 Тапсырыс №1214 Кезекші редактор: Ақтоты БҰРКІТБАЙ
--	---	---	---	--